

Көшелерді қайта атау туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кенті әкімінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 37 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 сәуірде № 8308 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 3 қорытындысына сәйкес Сексеуіл кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сексеуіл кентінің келесі көшелері:

- 1) "Мир" көшесі "Бүкірек батыр" есімімен;
- 2) "Дружба" көшесі "Алмағанбет Маханов" есімімен;
- 3) "Партизан" көшесі "Түкетай Рахатов" есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сексеуіл кентінің әкімі

С. Турешов